

Докторант Алипбекова Жамиля Кожагельдиевнаның 6D072100-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Резина ұнтағымен модифицирленген полимерлі-битумды тұтастырғыштарды алу технологиясын құрастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісі, техника ғылымдарының докторы, профессор Сырманова Күлаш Керимбаевнаның

ПІКІРІ

Алипбекова Жамиля Кожагельдиевна 2018 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ 6D072100 - «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығына докторантурасы окуға түсті және 2021 жылы оқудың толық курсын аяқтады.

Ж.К.Алипбекованың диссертациялық жұмысы өнеркәсіптік кәсіпорындар, экологиялық қызметтер және ғылыми қоғамдастық алдында тұрған маңызды міндеттің жаңа нақты шешімдері бар өзіндік ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасы өндірісінің жаңа ірі тонналы битум материалдарын өндіру мәселесі баяндалады, олар пайдалану қасиеттері жоғары полимерлі-битумды тұтастырғыштарды әзірлеумен қатар тозған резина шиналарын қәдеге жарату мәселелерін шешеді.

Асфальтбетон жабындарының пайдалану сипаттамаларына қойылатын талаптардың өсуі қазіргі уақытта қолданыстағы жол битумдары сапасының деңгейінің жеткіліксіздігін анық көрсетеді. Отандық мұнай өндеуде қалдық принципіне сәйкес өндірілетін битумдар өздерінің негізгі қасиеттері бойынша жолдарды пайдаланудың күрделенген шарттарының талаптарына сай келмейді. Осы себепті жол асфальтбетон жабындарының қызмет ету мерзімі қысқарады. Қоршаған орта жағдайларына агрессивті ықпал етуі, техногенді және климаттық факторлар да айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан, жол жабындарының беріктігін әлдеқайда жоғарылату, ұзақ мерзімділігін қамтамасыз етуге қабілетті жол асфальтбетондарына арналған жаңа кешенді тұтастырғыштарды құрастыру және әзірлеу, жолдардың қызмет ету мерзімі мен олардың сапасын арттыруға көп мән беріледі.

Жоғары сапалы кешенді битум тұтастырғыштарын алу мақсатында отандық битумдардың модифицирлеуші компоненті ретінде «ЭКО-Шина» ЖШС резина ұнтағы пайдаланылды, ол сондай-ақ істен шыққан автомобиль шиналарының жинақталуын тежей отырып, өнірдің экологиялық қауіпсіздігі мәселесін шешеді, ресурсты үнемдеу бағытын дамытады.

Диссертациямен жұмыс барысында «ЭКО-Шина» ЖШС резина ұнтағымен модифицирленген полимерлі-битумды тұтастырғыштарды алу технологиясын құрастырудан тұратын ғылыми мақсатқа қол жеткізілді. Диссертациялық жұмыстың авторы «ЭКО-Шина» ЖШС модифицирленген резина ұнтағы бар битумды тұтастырғыштарды алу процесінде болатын құрылымдық өзгерістердің зандылықтарын анықтады, пайдалану қасиеттері

жақсартылған асфальтбетондардың сапасын арттыру үшін пайдаланылатын отандық битумдар негізінде жаңа полимерлі-битумды тұтастырғыштар әзірленді, «ЭКО-Шина» ЖШС резина ұнтағын ісінген вермикулитпен модифицирлеу ерекшеліктері зерттелді, адгезиялық қасиеттерін арттыруды, полимерлі-битумды тұтастырғыштарды ұзак уақыт пайдалану кезінде иілімділігін көңейтуді және тұрақтылығын арттыруды қамтамасыз етеді, параметрлерді таңдау негізделді және «ЭКО-Шина» ЖШС резина ұнтағымен модифицирленген полимерлі-битумды тұтастырғыштарды алу өндірісінің принципиалды технологиялық сызбасы әзірленді.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін іске асыру пайдалану қасиеттері жоғары полимерлі-битумды тұтастырғыштарды алуға, сондай-ақ тозған резина шиналарын кәдеге жаратудың экологиялық мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы, Ж.К.Алипбекованаң диссертациясы талаптарға сәйкес орындалған, ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір бөлігі Өзбекстан Республикасының Жалпы және бейорганикалық химия институтының «Мұнайхимиясы» зертханасында (Ташкент қ., Өзбекстан Республикасы) шетелдік ғылыми тағылымдама кезеңінде орындалды. Біліктілік жұмысының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар, ол диссертациялық зерттеу нәтижелерін іске асыру кезінде резина шиналарын экологиялық кәдеге жарату мәселесін шеше отырып, отандық битум мен резина ұнтағы негізінде жаңа полимерлі-битумды тұтастырғыштарды алуға мүмкіндік беретіндігімен анықталады. Диссертацияда келтірілген тұжырымдар мен ұсыныстар негізделген. Диссертациялық жұмыс «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келеді және 6D072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылуы мүмкін.

Докторантурада білім алу кезінде Ж.К.Алипбекова өзін жақсы зерттеуші, білімді, жауапты және еңбеккор маман ретінде көрсете білді, халықаралық, қазақстандық және ЖОО конференцияларына үнемі қатысып, онда диссертациялық зерттеудің нәтижелері, мен негізгі қорытындылары баяндалып, талқыланып отырды. Шетелдік деректер көзімен жұмыс жасап, мақалаларын шетелдік рецензияланған баспаларға жариялауға мүмкіндік берген Ж.К. Алипбекованаң ағылшын тілін жоғары деңгейде менгергендігін де айта кету керек. Докторант Ж. К. Алипбекована бастамашылдығы, ұқыптылығы, білімділігі, жұмысқа деген қызығушылығы және өзінің кәсіби дағдыларын үнемі жетілдіруге үмтүлісі ерекшелендіреді. Ол зерттеу міндеттерін өз бетінше қоюға және оларды заманауи әдістермен шешуге қабілетті. Алипбекова Ж.К. диссертациямен жұмыс барысында 11 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде Scopus (Elsevier) базасына енгізілген халықаралық ғылыми басылымда 1 ғылыми мақала, КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, халықаралық және республикалық конференциялардағы еңбектерде 6 мақала, оның ішінде 2 шетелде (РФ, Өзбекстан Республикасы) және пайдалы модельге 1 патент алынған.

Ғылыми деңгейінің дайындығын куәландыратын қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыс бақылау комитеті белгілеген талаптарға сай орындалған. Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі, іс –жүзіндегі нәтижелерінің құндылығы, зерттеудердің орындалған көлемі, негізгі қағидалары, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануының толыққандығы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелері» талаптарына сай келеді және 6D072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) атағын беру үшін қорғауға ұсынуға болады.

Техника ғылымдарының докторы,
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университетінің
"Мұнай өндіру және мұнайхимиясы"
кафедрасының профессоры

К.К. Сырманова

